



БҰЙРЫҚ № 79– нк

Ақшымырау ауылы

03.09.2024

**«Аналар» «Әкелер» қоғамды  
ұйымын құру туралы**

1. Балаларды әлеуметтендірудегі әкенің рөлін арттыру және отбасы институтын нығайту, рухани – адамгершілік. Дәстүрлер мен отбасылық қатынастарды жаңғырту және сақтау, ата – аналар қоғамдастығының кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша тиімді жұмысты ұйымдастыруға өсіп келе жатқан жас ұрпақтардың бойына ұлттық игіліктерді сіңіру арқылы саналы ұрпақ тәрбиелеу мақсатында. **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ - де «Аналар» және «Әкелер» қоғамдық ұйымы құрылсын.
  2. Ұйым мүшелігіне 5-7 сынып оқушылары қабылдансын.
  3. Ұйымның жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
  4. Ұйымның мүшелері қабылданып, жетекшілері сайлансын.
  5. «Аналар» және «Әкелер» ұйымының жұмыс қорытындысы директор жанындағы отырыста қаралсын.
2. Осы бұйрықтың орындалысын бақылау тәрбие жөніндегі орынбасар А.Аманбаеваға міндеттелсін.

**Негізі: өндірістік қажеттілік**

Директордың м.а.



**А.Бекова**

«Бекітемін»  
Мектеп директоры



«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ  
«Даналық мектебі» 2024-2025 оқу жылына жылдық жоспары.

№	Сабақтың тақырыбы	Мерзімі	Жауаптылар	Форматы
1	<b>Ата өсиеті</b> Туыстық қарым-қатынас-баға жетпес байлық	қыркүйек	Аманбаева А. Сүйішбекова Ж.	Кездесу
2	Ата кәсіп-берекенің бастауы	қазан	Аманбаева А.	Челлендж
3	<b>Әже даналығы</b> Әжелердің өшпейтін өнегелі үлгісі	қараша	Аманбаева А. Еміл Ж.	Шебер қолдар шеберханасы
4	Өнегелі өмір	желтоқсан	Аманаева А. Батырова А.	Челлендж
5	<b>Аға қамқорлығы</b> Жирен жаман әдеттен	қаңтар	Аманбаева А. Құлыбеков М.	Мек. инспект. рейд кезекшілігі
6	Аға болсаң ақыл айт	ақпан	Аманбаева А. Сисембаева Қ.	Челлендж
7	<b>Жеңге кеңесі</b> Жеңге мінезімен көркем	наурыз	Аманбаева А. Асылбекова А.	Сырласу кеші
8	Отбасы құндылығы (жеңгелерге жеті кеңес)	мамыр	Аманбаева А. Батырова А	Челлендж

ДТІЖО : Аманбаева А.Т.

## «ДНАЛЫҚ МЕКТЕБІ» КЛУБЫ

«Даналық мектебі» клубының қызметі білім беру ұйымының позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және дамыту жөніндегі жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Клуб – бұл жұмыстың ең қолайлы формасы, өйткені ол қатысушылардың теңдігі тұрғысынан жұмысты қамтамасыз етеді және ата-аналар үшін даму ортасын құрудағы әлеуметтік тәсілдің артықшылықтарын барынша толық жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Өзінің қызмет форматына сәйкес «Даналық мектебі» клубы білім беру ұйымының нақты қажеттіліктерін және ата-аналар қоғамы өкілдерінің өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесімен бөлісуге дайындығын ескере отырып, ерікті негізде құрылады.

**«Даналық мектебі» клубы қызметінің мақсаты** – аға буынның педагогикалық әлеуетін өзектендіру арқылы ата-аналардың позитивті мәдениетін дамытуға жәрдемдесу.

### **Клубтың міндеттері:**

- аға буынның бастамашыл және ресурстық өкілдерін позитивті ата-ана мәдениетін дамыту жөніндегі жұмысқа тарту;
- ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді білім берудің негізгі өзегіне айналдыруға жәрдемдесу;
- өскелең ұрпақты тәрбиелеуде халықтың ұлттық құндылықтары мен педагогикалық дәстүрлерін қолданудың оң тәжірибесін таратуға ықпал ету.

**«Даналық мектебі» клубының қызметінен күтілетін нәтиже:** позитивті ата-ана мәдениетін қалыптастыру және өскелең ұрпақты тәрбиелеудің өзекті мәселелерін шешу үшін аға буынның тәжірибесін табысты пайдалану.

Клуб отырыстарының тақырыбын айқындау кезінде Қазақстанның мәдени бірегейлігін сақтау және дамыту мақсатында міндетті түрде қазақ халқының құндылықтары мен дәстүрлеріне сүйену қажет. Сонымен қатар, Қазақстанда тұратын басқа этностардың мұрасын ескере отырып, клуб қатысушыларының кездесулерінің тақырыбы мен мазмұнын мүмкіндігінше байыту ұсынылады.

Осыған байланысты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXI сессиясында сөйлеген сөзінен маңызды тезисті еске алған жөн: «Саналуандықтағы бірлік – бұл ұлттық бірлікті сақтау мен нығайтудың іргелі қағидаты. Біз бұл қағиданы болашақта да ұстануымыз керек».

«Даналық мектебі» клубының қызметінің басым бағыты ата-аналар қауымымен жұмыс болып табылады. Клуб мектептің нақты сұраныстары мен талаптарына сәйкес «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі» секцияларын ұйымдастыру арқылы қазақстандық этнопедагогиканың тәрбиелік әлеуетін өзектендіруге арналған

Әрбір қызмет бағытының орасан зор педагогикалық әлеуетін ескере отырып, әрбір білім беру ұйымында клубтың барлық 4 секциясын ашу ұсынылады: «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қаморлығы», «Женге кеңесі». Алайда, бұл жұмыс ресурстардың жинақталуына, аға буындардың бастамашыл және ресурстық өкілдерін іріктеуге және қажетті ұйымдастырушылық жағдайлар жасауға қарай жоспарлы, кезең-кезеңмен жүргізілуі тиіс.

Сарапшылар клуб аясында қарастырылуы мүмкін этнопедагогика мәселелерінің мазмұнында белгілі бір бағытты қарастыруды ұсынады. Клуб секцияларына арналған іс-шаралардың үлгілік тақырыптары төменде берілген.

### **«Ата өсиеті»:**

- Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер
- Бабалар дәстүрі – ұрпаққа өсиет

### **«Әже даналығы»:**

- Ертегі – танымның көзі

- Ырым-тыйым – әдептілік негізі

**«Аға қаморлығы»:**

- Ағасы бардың – жағасы бар
- Ер жігітке жарасар салауатты бейнесі

**«Женге кеңесі»:**

- Қыз ғұмырдың құпиялары
- Қыздар білуге тиіс...

«Даналық мектебі» клубының қызметін ұйымдастыруға білім беру ұйымының директоры жауапты. Жұмыстың тікелей кураторы директордың тәрбие жөніндегі орынбасары болып табылады. Қамқоршылық кеңес клуб қызметіне жан-жақты қолдау көрсетеді.

Клуб аясында ұсынылатын жұмыс түрлері: интерактивті дәрістер; әңгімелер, тақырыптық пікірталастар; қызықты адамдармен кездесулер; бейнематериалдарды қарау және талқылау; шығармашылық кештер және т. б.

«Даналық мектебі» клубының жоспары мен жұмыс кестесін мектеп директоры бекітеді. «Даналық мектебі» клубы аясындағы кездесулердің жиілігі әрбір білім беру ұйымының ата-аналар қауымының сұраныстарына сәйкес айқындалады.

Клуб қызметіндегі сабақтастықты қамтамасыз ету үшін клуб мүшелерінің азды-көпті тұрақты құрамы жұмыс істегені жөн. Сонымен қатар, клуб шеңберіндегі отырыстар мен кездесулердің әртүрлі тақырыптары үнемі жана қатысушыларды тартуға ықпал ететіні анық.

Клубтың танымалдылығын арттыру үшін бірқатар міндетті шарттарды қамтамасыз ету қажет деп санаймыз:

- отырыстарды сапалы өткізу;
- аға буынның белсенді және ресурстық өкілдерін тарту;
- жобаны іске қосу алдында ақпараттық науқанды, оның ішінде ауданда, қалада, ауылда жалпы ынталандырушы іс-шараны өткізу;
- ата-аналардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету;
- жергілікті атқарушы органдармен, үкіметтік емес ұйымдармен серіктестік (Ардагерлер кеңесі, белсенді ұзақ өмір орталықтары және т.б.), басқа ата-аналар клубтарының өкілдерін тарту.

Клубтың қызметіне мониторинг жүргізу, жекелеген отырыстар мен кездесулерді өткізу сапасын айқындау үшін мыналарды ескеру қажет:

- клуб қызметі туралы сұрақтарды мектепшілік бақылау жоспарына енгізу;
- қатысушылардың қанағаттану деңгейін анықтау үшін тұрақты сауалнамалар жүргізу.

Клубтың қызметі бұқаралық ақпарат құралдарында және әлеуметтік желілерде келесі форматтар арқылы кеңінен жариялануы керек:

- тікелей эфирлер;
- сұхбат;
- есеп беру;
- маңызды оқиғалар туралы хабарландырулар;
- пікір алмасу.

Еліміздегі білім беру ұйымдарының клубтық бірлестіктері іс-шараларының үздік сценарийлері Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институтының цифрлық платформасында жарияланатын болады.

# АТА-АНАЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖИНАЛЫС «БАЛА ҚАУІПСІЗДІГІ – ҚОҒАМ КЕЛЕШЕГІ»

**Күн тәртібі:** Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру.

**Өткізу мерзімі:** 2024 жылдың 23-27 қыркүйегі аралығында

**Өткізу форматы:** (офлайн), білім беру ұйымының педагогикалық ұжымы арасында жалпы жиналыс. **Мақсатты аудитория:** Білім беру ұйымдарының барлық педагогтері.

**Кеңес ұсынылған жүргізу тәртібіне сәйкес ауытқусыз өткізіледі.**

## ЖИНАЛЫСТЫҢ ӨТУ БАРЫСЫ

### 1. Кіріспе сөз (1 минут) Құрметті ата-аналар!

Бүгінгі ата-аналар жиналысына қош келдіңіз!

Біз бүгін қазіргі қоғамды алаңдататын өзекті мәселелердің бірі – балаларымыздың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін талқылау үшін жиналдык.

Жақында балалар мен жасөспірімдерді басқара алатын және оларды психикалық және физикалық қауіп-қатерге душар ететін қауіпті онлайн ойындар мен топтардың саны артты.

Бізді алаңдататын нәрсе – балалар әлеуметтік желілерде түрлі жағымсыз жағдайларға тап болады, кейде тіпті өз өмірлеріне қауіп төндіреді. Бұл отбасы үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін қайғылы жағдай.

Әрбір ата-ана балаларының қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, оларды әлеуметтік медиа мен интернеттің зиянды әсерінен қорғауы тиіс.

Біздің бірлескен жұмысымыз өз жемісін береді деп сенемін. Баршаңызға бүгінгі жиналыста пайдалы ақпарат алуға және балаңыздың болашағы үшін қажетті шешімдер қабылдауға тілектеспін!

### 2. Негізгі бөлім (8 минут)

#### Бүгін біз талқылайтын негізгі қауіптер:

- интернеттегі қауіптер;
- шынайы өмірдегі буллинг және кибербуллинг;
- балалар арасында өсіп келе жатқан тренд болған онлайн ойындар;
- баланы қайғылы жағдайларға итермелеуі мүмкін кітаптар мен сайттар;

• әлеуметтік желілердегі алаяқтықтар.

Бірінші қадам – олардың мінез-құлқын бақылау.

Құрметті ата-аналар, мынандай белгілерге назар аударуларыңызды сұраймын, оларды дер кезінде байқау өте маңызды: көңіл күйдің кенеттен өзгеруі, агрессия немесе тұйықтық;

· үнемі шаршау, ұйқысыздық, мектептегі үлгерімнің төмендеуі;

· гаджеттерді пайдаланғанда құпиялылық, болған оқиғаларды

· талқылаудан бас тарту;

· баланың жасырын жаңа таныстарының пайда болуы; · вербалды емес белгілер, ерекше өтініштер, сөздер, · сөйлемдер мен әрекеттер.

Бұл және басқа да алғашқы белгілер пайда болған жағдайда, әрқашан мектепке келіп, біздің мектеп педагог-психологіне жүгінуге болады.

Педагог-психологпен жұмыс істеуден қорқудың қажеті жоқ, ол жағдайды түсінуге және шығу жолын табуға көмектесетін маман.

### **Бірнеше өмірлік мысалды келтірейін:**

Бала ұзақ уақыт бойы әлеуметтік желілерде қорлауға ұшырап, тұйықталып, депрессияға түсті. Бақытымызға орай, ата-аналар баланың мазасыздық белгілерін дер кезінде байқады және мамандардан көмек сұрады. Бала құтқарылды.

Бала бір «тексерілмеген ойындарға» белсенді қатыса бастады. Ата-аналар баланың ерекше суреттеріне, мінез-құлқына, киім стиліне, «бейресми әдебиетке» қызығушылығына мән бермеді. Олар баланың ойын ойнап жүргенін көрді, бірақ отырып, ойынды зерттеп қарауға немесе оны жүктеп алуға уақыт таппады. Баланың екі жыл бойы оқып жүрген әдебиетін зерттеп, ол не ойлап жүргенін, не нәрсе мазалайтынын сұрауға да уақыт болмады. Кітаптар маркетплейстер арқылы сатып алынған. Соның нәтижесінде – қайғылы оқиға орын алды. 3. Бала ұзақ уақыт бойы мазасыз ойларымен жалғыз қалды. Ата-аналар бұған мән бермеді. Бала депрессиялық күйге түскен кезде, ата-аналар оған қажетті қолдау көрсетудің орнына, оны ұрысып, қайғылы жағдайға себепші болды.

### **Қауіптердің алдын алу үшін не істеу керек?**

#### **1. Ата-ана бақылауы**

Құрылғыларда ата-ана бақылауы сүзгілерін қолданыңыз. Бұл қажетсіз контентке қолжетімділікті шектеуге көмектеседі.

Ата-ана бақылауы – бұл арнайы құралдар мен параметрлер, олар ата-аналарға балаларының интернетте және құрылғыларда (компьютерлер, планшеттер және телефондар) не істеп жатқанын бақылауға көмектеседі. Бұл балаңызды қажетсіз немесе қауіпті контенттен қорғауға, гаджеттерді пайдалану уақытын шектеуге және интернеттегі байланыстарын қадағалауға мүмкіндік береді.

Сіз сүзгілерді орнатып, балаңыздың қажетсіз ақпараттары бар сайттарға (мысалы, ересектерге арналған немесе агрессивті мазмұндағы сайттарға) кіруін болдырмаудың алдын аласыз.

Кейбір бағдарламалар арқылы балаңыздың қандай сайттарға кіргенін және әлеуметтік желілерде немесе мессенджерлерде кіммен сөйлескенін көруге болады.

Ата-ана бақылауы сонымен қатар ойындарда немесе қосымшаларда ақшаны талап ететін кездейсоқ сатып алулардан қорғауы мүмкін.

**Біз келесі нақты ұсыныстарды ұсынамыз:**

**Балаңыздың телефонындағы қосымшалар мен ойындарды тексеру.**

Құрылғыларда ата-ана бақылауын қолданыңыз: iPhone-да — Screen Time арқылы, Android-та — Google Family Link арқылы. Бұл құралдар орнатылған қосымшаларды тексеруге және қауіпті бағдарламаларға қолжетімділікті бақылауға мүмкіндік береді.

**Әлеуметтік желілер мен топтарды бақылау.**

Qustodio, Net Nanny немесе Kaspersky Safe Kids сияқты бақылау бағдарламаларын орнатыңыз. Олар балалардың әлеуметтік желілер мен жабық қауымдастықтардағы белсенділігін қадағалауға мүмкіндік береді.

**Хабарламалар орнату.**

Instagram, TikTok және WhatsApp сияқты мессенджерлер мен әлеуметтік желілерде хабарландыруларды қосыңыз. Бұл ата-аналарға жаңа хабарламалар, жазылулар немесе күмәнді байланыстар туралы ескерту алуға мүмкіндік береді.

**Интернетті пайдалану уақытын шектеу.**

Құрылғылардағы қолдану уақытын шектеу үшін кіріктірілген функцияларды пайдаланыңыз, мысалы, iPhone-да Screen Time арқылы «Қосымшалар шектеуі» немесе Android-та Digital Wellbeing арқылы.

## **2. Ашық диалог**

Балаларыңызбен үнемі байланыста болыңыз. Қателіктері үшін жазаламай, кез келген жағдайда тыңдауға және көмектесуге дайын екеніңізді көрсетіңіз.

Балалармен тек сөйлесу ғана емес, сонымен қатар сенім атмосферасын құру маңызды, сонда бала өз мәселелері мен уайымдарымен бөлісуден қорықпайды.

Балаңыз кез келген уақытта сізге келіп, өз ойларымен бөлісе алатынын, жазадан немесе сыннан қорықпайтынын сезінуі керек. Ол үшін оның айтқанына қатты сын айтып, келемеждеуден аулақ болыңыз. **Оның мәселесі сізге болмашы болып көрінсе де, бала үшін ол өте маңызды болуы мүмкін.**

Балаңыздың көңілі түскенін, мазасызданғанын немесе тым тұйықталғанын байқаңыз. Оған бірден жауап беруді талап етпей, не мазалайтынын жұмсақ және байыппен сұраңыз. Кейде балаларға өз сезімдері туралы айтуға шешім қабылдау үшін уақыт қажет.

Мысалы, «Күнің қалай өтті?», «Мектепте қандай қызықтар болды?», «Достарыңмен не туралы әңгімелестіңдер?» деп сұраңыз. Бұл қарапайым сұрақтар әңгімені бастауға көмектеседі. Бала өзін қысымда сезінбеуі үшін тым табанды болмау маңызды.

Буллинг, интернеттегі қауіптер, зорлық-зомбылық немесе қарымқатынас сияқты күрделі немесе ыңғайсыз тақырыптардан қашпаңыз. Егер бала осындай жағдайларға тап болса, ол сізбен бұл туралы сөйлесіп, қолдау алатынын білуі керек.

Балалар да, ересектер сияқты, кейде қателіктер жібереді. Оларды бұл үшін жазғырмай, болашақта мұндай жағдайлардан қалай аулақ болуға болатынын талқылау маңызды. Әркімнің де қателесетінін және ең бастысы – сол қателіктерден сабақ алу екенін түсіндіріңіз. Мысалы, егер бала кездейсоқ қажетсіз сайтқа кірсе, ешқандай айқайшусыз бұл жағдай қалай болғанын және болашақта осындай жағдайларды болдырмау үшін не істеуге болатынын талқылаңыз.

**Балалар ата-аналарының мінез-құлқын бақылау арқылы үйренеді. Егер сіз өз сезімдеріңізді ашық білдіріп, қателіктеріңізді мойындай алсаңыз, бұл балалар үшін үлгі болады. Мәселелерді талқылау және тіпті күрделі немесе ауыр тақырыптар бойынша бірге шешім іздеудің қаншалықты маңызды екенін көрсетіңіз.**

Балаңыз өз сезімдері немесе уайымдары туралы айтқанда, оның сөзін бөлмей, соңына дейін тыңдаңыз. Оның пікірі сіз үшін құнды және маңызды екенін бала түсінуі керек. «Бұл маңызды емес» немесе «Сен тым асыра айтып отырсың» деген сияқты сөздерден аулақ болуға тырысыңыз. Мәселе сізге шамалы болып көрінсе де, бала үшін ол өте маңызды болуы мүмкін.

### **3. Бақылау**

Баланың не көріп, қандай ойындар ойнайтынын қадағалау қажет. Оның виртуалды өмірі мен достарына қызығушылық танытыңыз. Ол ойнайтын барлық ойындарды жүктеп, оларды ойнап көріңіз. Бала оқып жүрген әдебиеттерді зерттеңіз.

#### **Құрметті ата-аналар!**

Оқу жылының басынан бастап барлық білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы жүзеге асырылуда.

Бағдарламаға сәйкес, оқушылардың жеке қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында апта сайынғы сынып сағаттары аясында 10 минуттық «Қауіпсіздік сабағы» енгізілді.

Құрметті ата-аналар, сіздер балаларды тәрбиелеудегі негізгі тұлғасыздар және сіздердің күнделікті іс-әрекеттеріңіз бен сөздеріңіз олардың болашағына айтарлықтай әсер етеді. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында ұсынылған «**Өнегелі 15 минут**» бастамасы атааналар мен балалар арасындағы қарым-қатынасты нығайтуға бағытталған. Қысқа, бірақ мағыналы әңгімелер арқылы адамгершілік және моральдық тақырыптарда сөйлесіп, балаңыздың ішкі әлемін тереңірек түсініп, оның ойлары мен сезімдерін тыңдай аласыз.

Балаңызбен күн сайын 15 минут шынайы жүректен әңгімелесу оның өзіне деген сенімін нығайтуға, маңызды өмірлік құндылықтарды меңгеруге және дұрыс тәрбие алуға көмектеседі.

#### **Құрметті ата-аналар!**

Балаңыздың қауіпті әрекеттерге, сайттарға және интернет пен әлеуметтік желіге тәуелділіктің түрлі формаларына қаншалықты тартылғанын анықтау үшін шаралар қабылдауға тырысыңыз.

Баланың қауіпсіздігіне қатысты алғашқы күмәндар пайда болған кезде, өз алаңдаушылықтарыңызды ашық айтып, балаңызды өз қауіптеріңізді қабылдау және ашық диалог жүргізуге шақырыңыз.

Күнделікті қиындықтар мен алаңдаушылықтар туралы өзара келісілген және бірлескен шешімдер қабылдау үшін әңгімелесуге балаңызды дағдыландыруға күш салыңыз.

Сенім атмосферасын құрып, туындаған қиындықтар туралы сөйлесіңіз, оларды елемеуден, жабылып қалудан, күйзелуден немесе шешім іздеуде басқа жолдар іздеуден аулақ болыңыз.

Үйде балаңызға эмоционалды қауіпсіздік жағдайларын жасаңыз, сонда бала сіздің агрессияңыздан немесе жазалаудан қорықпай, мәселелерін ашық бөлісе алатын болады.

Әсіресе бала үшін маңызды тақырыптарды талқылау кезінде қысым жасамауға, оның тұлғасы мен іс-әрекеттерін сынаудан аулақ болуға дағдыланыңыз, бастысы – мұқият тындап, көмек көрсету немесе шешім табуға дайын болыңыз.

Балаңыз сізбен бөліскісі келетін жағдайларды тындауға ашық болыңыз және оны сынға алатыныңызға күмәнданбауына мүмкіндік беріңіз, балаңыздың кездесіп жатқан мәселелері шынайы әрі шешуге болатынын көрсетіңіз.

Баламен сөйлесу кезінде оның қиындықтарын еңсеру үшін түсінікті және қауіпсіз тәсілдерін талқылауға және ұсынуға тырысыңыз, барынша қауіпсіз әдістерді таңдаңыз.

Балаңызды еңбекке тартуға тырысыңыз, оның нәтижелерін сізге мақтанышпен көрсетуіне мүмкіндік беріңіз.

Қорытынды сөз және ұсыныстар (1 минут)

Құрметті ата-аналар, сіздер – балаларыңызды алғашқы қорғанысыздар. Қарым-қатынас, сенім, қатысу және ынтымақтастық – бұл сіздің балаларыңызды шынайы және виртуалды өмірде кездесетін қауіптерден қорғауға көмектесетін негізгі құралдар. Есіңізде болсын, мәселені шешкеннен гөрі оның алдын алған жақсы.

Біздің мектепте ата-аналарға **педагогикалық қолдау көрсету орталығы** ашылған – сіздер әрқашан балаңызға қатысты кез келген мәселені шешу үшін осы орталыққа жүгіне аласыздар (*кабинет нөмірін, психологтің аты-жөнін, телефон нөмірін көрсету*).

Бұл орталық сізге балаларды тәрбиелеуге қатысты кез келген мәселелерді шешуде көмектесуге дайын. Сіз балаңыздың дамуы мен тәрбиесіне байланысты қажетті кеңестерді алып, орталық мамандарының психологиялық қолдауына жүгіне аласыз.

Облыста **Психологиялық қолдау орталығы** жұмыс істейді, оның психологтері да білікті көмек көрсетеді (*мекен-жайды, директордың аты-жөнін, анықтама телефонын көрсету*).

Психологиялық көмек орталығы балалар мен жасөспірімдерге психологиялық мәселелерді шешуге көмектеседі, оларға эмоционалдық қолдау көрсетіп, өмірде туындауы мүмкін қиындықтарды жеңуге жәрдемдеседі.

**Тәулік бойы жұмыс істейтін бірыңғай, тегін мемлекеттік байланыс орталығы «111» бар.** Осы қысқа нөмір арқылы балаларға қатысты кез келген мәселе бойынша психолог пен заңгердің кеңесін алуға болады.

Біздің өңірде **Бала құқықтары жөніндегі өңірлік уәкіл де қызмет атқарады** – (*аты-жөнін, телефон нөмірін көрсету*), ол да сізге маңызды және күрделі мәселелерге жауап табуға көмектесуге дайын.

### **Құрметті ата-ана!**

Сіздің шынайы, жылы сөзіңіз баланың болашағындағы ең құнды қазыналардың бірі болмақ.

Сіздердің балаларыңыздың өміріне қосқан үлестеріңіз баға жетпес. Тек күш біріктіре отырып, біз оларға мектепте де, үйде де қауіпсіз орта жасай аламыз. Осы маңызды жұмысқа қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз.

## Ақпарлама

Қазан айында мектебімізде «Ата кәсіп-берекенің бастауы» тақырыбы бойынша мектебіміздің ұстазы Домбаева Айнұр апай өз келіндерімен оқушыларға қазақтың ұлттық киіз басу, ши тарту өнерлерін жасау жолдарын көрсетті.

Киіз басу-дәстүрлі қазақы ортада дамыған киіз жасау өнері. Оған жүн талшықтарының бір-бірімен ұйыса байланысатын қасиеті негізге алынған. Қазіргі заманғы шұға басу, байпақ жасау, фетр басу процесстері де киіз басу дәстүрлі технологиясымен бірдей.



## Ақпарат

“Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп”КММде Дүниежүзілік психикалық денсаулық күніне орай мектебімізде іс-шаралар жалпымектептік жиында өтті.

Дүниежүзілік психикалық денсаулық күнінің ұраны: “Психикалық саулық-деннің саулығы”. Мақсаты: білім беру ұйымдарындағы тәрбиелеп отырған жас жеткіншектер арасында психологиялық ахуалды жақсарту, өмірдегі адамгершілік, отбасылық, татулық құндылықтарын түсіндіру жұмыстарын жүргізу болды.

9 қазан күні жалпымектептік оқушылар жиынында мектеп психологы И.Сайынова сөз сөйлеп, Психикалық денсаулық күнінің маңызы туралы баяндады.

10 қазан күні “Психикалық саулық-деннің саулығы” ұранымен ата-аналар жиналысында баяндама оқылып, түсіндіру жұмыстары жүргізілді. “Отбасы-бақыт бесігі” тақырыбында оқушылар арасында сурет салу өнері өткізілді.

11 қазан күні оқушыларға психикалық денсаулық аясында кинотерапия өткізіліп, қорытындыланды.



## 1-«Жеті атасын білген ұл, жеті жұрттың қамын жер» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің сценарийі

Мақсаты: Шежірені, әулет тарихын білудің, оны ұрпаққа мирас етудің мәнін талқылау.

Міндеттері:

- 1) Шежіренің сырын, мағынасын ашу
- 2) Қан тазалығы ұлт болашағы екеніне назар аудару
- 3) Әулет тарихын білудің мәнін түсіндіру

Көрнекілігі: Нақыл сөздер «Атадан бата алмай, үй болмас, Ордадан үлгі алмай, би болмас», «Аталы сөз – баталы сөз», «Тегін білген текті адам», «Жеті атасын білген ер, жеті елдің қамын жер». «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі».

Барысы: Бүгінгі дөңгелек үстелдің мақсаты мен міндеттерін таныстыру.

Модератор: Құрметті аталар, бүгінгі алқалы жиынға қош келдіңіздер! Бүгінгі таңда ата мен немере арасында позитивті қарым-қатынас орнату өзекті мәселенің бірі болып отыр. Аталардың біразы жас, біразы жасамыс. Қалалақ жердегі аталардың көпшілігі зейнеткерлікке шығып үлгермегендіктен жұмысбасты. Бірақ мұның бір де бірі сіздерге аталық міндетіңізге әртүсті қарауға себеп болмауы керек.

Аталарымыздың бағзы заманнан жолы үзілмей келе жатқан өз міндеттері бар. Сол міндеттеріміздің үдесінен шыға алып жүрміз бе? Бүгінгі дөңгелек үстелде соның бірі «шежіре» мәселесіне тоқталатын боламыз. Өсіп келе жатқан балаға шежіре, әулеттің тарихы туралы кім айтады? Ағайын-туыс арасындағы қарым-қатынасты кім реттейді? Жеті атаны кім үйретеді? Осы сұрақтарды талқылайтын боламыз. Олай болса, алғашқы сөзді осы мектептің \_\_\_\_\_ сынып оқушысы \_\_\_\_\_ атасы, \_\_\_\_\_ сөз берейік. 1-спикер: «Шежіре» араб тілінен аударғанда – бұтақ, тармақ деген мағынаны білдіреді. Шежіре – бір ұлттың шығу тегін тармақтап ұрпаққа, руға таралуын баяндайтын тарих ғылымының бір тармағы. Сондықтан қазақ ұрпағына шежіре білуді міндет деп қарайды. Өз заманы мен бұрынырақта болған ірі тарихи оқиғаларды, хандар мен батырлар, шешендер мен жыраулар, байырғы қазақтың тұрмысы мен салты туралы әңгімелей алатын ақсақалдарды «шежіреші» деп атайды. Өз ұрпағына жеті атасын үйрету баяғыдан келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі. Мұның туыстық жағынан маңызы зор екенін халқымыз ерте түсінген және оны берік ұстанып келген. Ата-ана бір кіндіктен шыққан перзенттерін ел, ру намысын қорғайтын ержүрек, қайырымды, ұйымшыл, ауырмал етіп тәрбиелейді. Ал бір атадан тараған туыстар әулеттің татулығын

бірінші орынға қояды. Өйткені олар бірін-бірі жақсы таниды. Ағалы-інілі, апалы-сіңілі дегендей, сыйластықта бірге өседі. Мұндай туыстардың арасында орынсыз жанжал, ұрлық-қарлық, барымта, зорлық-зомбылық сияқты жат істер болмайды. Өйткені тәртіп бойынша туыстар қиянат қылмайды, керісінше, сырттай бір-біріне қамқор, жанашыр боп жүреді. Қазақтың «Қанына тартпағанның қары сынсын» деп қатты айтатыны тағы бар. Жеті ата ұғымында ағайын арасындағы бірлік, татулық, сыйластық мәселесі терең қарастырылған. Ұрпағымыз парасатты, бойында азаматтық намысы бар, елін, жерін, отбасынын сүйетін, тарихын білетін азамат болып өссін десек, оның тәрбиесіне қоғам болып назар аударуымыз керек. Туыстардың бір-біріне жат болмауын ойлау, кімнің кім екенін, өзінің кім екенін, жеті атасын түгендеп, жалықпай түсіндіру – үлкендердің мойнындағы міндет. Жеті атасын жаттату, ата-тегін, дәстүрлі өлең-жырларды айтқызу арқылы ата-әжелер бір жағынан әулеттің тарихын білдірсе, екінші жағынан баланың танымдық қабілетін дамытып, өз ойын анық жеткізе білу дағдысын қалыптастырады. «Жеті ата» «ата-баба» деген ұғымды білдіреді.

Жеті ата шежіресі өзімізге дейінгі атабабаларымыздан бастап таратылады. Яғни: 1. Өзің. 2. Әке. 3. Ата. 4. Арғы ата. 5. Баба. 6. Түп ата. 7. Тек ата. Бұл атаулар кей жерлерде басқаша айтылуы мүмкін. Қалай десек те, жеті ата жолының осылай таратылатыны - бұрыннан келе жатқан ақиқат шындық. «Жеті атасын білген ер Жеті жұрттың қамын жер. Жеті атасын білмеген Құлағы мен жағын жер», – деген сөз көп мағынаны білдіреді. Жеті атаны білу - жеті адамның атын білу ғана емес, солардан тараған ағайынтұясыңды білу. Үлкендеріне сәлем беріп, кішілеріне қамқорлық жасау. Сондықтан да біздің ата-бабаларымыз өз балаларына жеті атасының аты-жөнін, атамекенін, өз руынан шыққан елге сыйлы, белгілі адамдардың атын айтып, өмірін үлгі, өнеге етіп отырған. Ал бұған немқұрайлы, салғырт қарағандарды «Жеті атасын білмеген – жетесіз» деп іске алғысыз етеді. Жеті атасын білу арқылы әркім өзінің атабабаларының кезінде кім болғанын, қалай өмір сүргенін біліп, мақтаныш етіп отырады. Әл-Фараби: «Тарихты білмей – өткенді, қазіргі жағдайды білу, келешекті болжау қиын» дейді. Олай болса, мәңгілік, тәуелсіз ел боламыз десек дәстүрімізді, тіліміз бен тарихымызды құрметтеп, қастерлей білуіміз керек.

Модератор: Келесі сөзді осы мектептің \_\_\_\_\_ сынып оқушысы \_\_\_\_\_ атасы, \_\_\_\_\_ сөз берейік. 2-спикер: Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ қан тазалығына ерекше мән берген. Мұны үлкен мақтанышпен айтуымыз керек. Себебі бұл бізден басқа бір де бір халықта болмағанын бүгінгі таңда өркениетті елдердің бәрі мойындайды. Данышпан бабаларымыз құда түсу арқылы осы мәселенің қыр-сырын ашып, бүкіл тетігін жасап кеткен. Енді, соны қалпына келтіретін заң қабылданса, керемет болар еді. Бірін бірі ұнатқан жастардың бір-біріне туыстығы бар-жоғын ата-анадан артық ешкім білмейді. Қазақ неге жеті атаға

дейін қыз алыспаған? Мәселен, «жеті атаға толмай қыз алыспау» дәстүр-заңының ғылыми негізі таңғаларлық. Оқырманға түсінікті болу үшін, генетикалық терең заңдылықты емес, арифметикалық қарапайым есеппен «жеті ата заңын» түсіндіріп көрейік: Адамдардың бойында тұқым жалғастыратын хромосома саны 46 екенін медицина дәлелдеп отыр. Осы хромосома саны еркектің ұрығында 23, әйелдің аналық жұмыртқасында да 23 болады. Ер мен әйелдің ұрығы қосылғанда екеуі 46-ға теңеліп, екі «жарты адамнан» бір «бүтін адамның» негізі қалыптасады. Аталарымыздан келе жатқан «екі жарты қосылып бір бүтін болайық» дейтін дәйексөздің тегін айтылмағанын осыдан байқауға болады. Сонда ешқандай ғылымсыз-ақ аталарымыздың бұл мәселені қалай терең түсінгеніне таңғаласын. Сонымен, Бірінші буын, яғни балада қырық алты туыстық толығымен сақталады. Екінші буын, немереде жиырма үш жарты туыстық, үшінші буын, шөбереде бұл екіге бөлінетіндіктен 11.5, ал төртінші буын шөпшекте осы сан тағы екіге бөлініп 5.75-ке тең болады. Бесінші ұрпақ, неменеде бұл сан тағы екіге бөлініп 2.8-ге теңеседі. Алтыншы ұрпақ, туажатта 1.4-ке тең, ең соңғы Жетінші буын, жүрежатта 0.7. Сегізінші ата жегжатта туыстық қатынасты анықтайтын хромосома саны 0-ге тең болады. Яғни, Жетінші атадан кейін ұрпақ жалғастығында туыстық қатынас қалмайды. «Жеті ата» заңын Қазақ қоғамы қабылдаған кезде яғни Тауке ханның «Жеті жарғысы» қолданысқа шыққан заманда Генетика ғылымы әлі жоқ болатын. Демек, жеті ата мәселесі тек туысынды ғана білу емес, отбасын құрып, өмірге дені сау ұрпақ әкелу үшін де керек. Ал мұның дені сау ұлттың негізі екеніне ешкім таласпаса керек. Модератор: Келесі сөзді осы мектептің \_\_\_\_\_ сынып оқушысы \_\_\_\_\_ атасы, \_\_\_\_\_ сөз берейік. 3 спикер: Әрбір адамға оның кім екенін, оның ата-бабаларының кім болғанын білу аса маңызды. Өйткені мемлекеттің өзі отбасынан басталмай ма?! Аталарымыз «Отан отбасынан басталады» дейді. Олай болса әр отбасының тарихы мемлекет тарихының бір кішкене бөлігі. Бүкіл ел танымаса да, өз туыстарының ортасында, өз ауылына, ауданға аты шыққан адамдар болады. Олардың еңбегін, өмір жолын немерелері білуге міндетті. Олар туралы сала құлаш мақалалалар жазылмауы мүмкін, кітаптар шықпаған шығар, тарих беттерінде ештеңе жоқ болар, бірақ олардың да өнегелі ісі, тағылымдық өмір жолы бар. Оны ұрпағына айтатын кім? Аталары... Сондықтан, кейінгі буын әулеттің, отбасының тарихын ұмытпасын десек, немерелерімізге олар туралы айтып отыруға міндеттіміз. Тек өз әулеті ғана емес, нағашылары туралы да білетінімізді айтып отырғанымыз абзал. Сонда әулеттің тарихын оларға біз аманаттап кетеміз. Адамдар кетеді. Тұтас толқын ауысып жатады. Олар туралы тұтастары кеткен соң, ел де ұмытады. Бірақ ұрпағы ұмытпауы керек. Қазақтың біртуар азаматы Бауыржан Момышұлы «Ұшқан ұя» аталатын мемуарлық шығарма жазды. Шығармаға автордың балалық шағынан, ес біле бастаған, мектеп табалдырығын аттағанға дейінгі өмірі өзек болған. Жазушы өзінің тұлға ретінде

қалыптасуына ұшқан ұясы ықпал еткенін баяндай отырып, отбасы мүшелерін: әжесі Қызтумас, әкесі Момыш, немере ағасы Момынкұл, әпкелері Үбиан, Әлимандрды өзіндік бейнелерімен әр қырынан танытқан. Бауыржан Момышұлы аңыз әңгімелерді әжесінен естігенін үлкен сүйіспеншілік сезіммен есіне алады, сонымен қатар ненін жақсы, ненін жаман екенін, нені сүйіп, неден аулақ жүруді әжесінен үйренгенін мақтан етеді. Әкесі Момыш өз бетімен сауат ашқан, сол кездегі көзі қаракты адамдардың бірі болған. Ел арасында ағаш ұстасы және етікші, зергерлігімен де танымал болған. Бауыржан Момышұлы 3 жасқа келгенде анасы Рәзия қайтыс болады да, әжесі Қызтумастың қолында өседі. Осының бәрін Бауыржан кейінгі ұрпағым ұмытпасын деп жазып отыр. Бәріміз Бауыржан Момышұлы сияқты қаламгер бола алмасак та, бірақ біздің де аталарымыз, бабаларымыз туралы немерелерімізге айта кететін әңгімелеріміз, қызықты оқиғаларымыз бар, соны немерелерімізге жүйелеп, түсінікті етіп айта жүруіміз керек. Ата болу онай шаруа емес, сол міндетімізге лайық болайық дегім келеді. Модератор: «Атадан бата алмай, үй болмас, Ордадан үлгі алмай, би болмас», «Аталы сөз — баталы сөз», «Тегін білген текті адам», «Жеті атасын білген ер, жеті елдің қамын жер». «Атаға қарап ұл өсер, анаға қарап қыз өсер», «Ана тәрбиесі қызға үлгі, әке тәрбиесі ұлға үлгі» деген сөздерді ата-балаларымыз бекер айтпаған болар. Осы сөздердің тәрбиелік мәні өте зор. «Мына бала жақсы екен кімнің баласы, тегі жақсы ау деймін бала негізінде тегіне тартады» деп жатады үлкен қариялар. Немерелеріміз жайлы осындай жақсы сөз естігіміз келсе, олар да кейін балаларына, немерелеріне өнегелі сөз айтсын десек, оны осы бастан қолға алуымыз керек. Жоғарыда үш спикер жеті ата мәселесінде, шежіре, қан тазалығы, әулет тарихы туралы біраз дүние айтып өтті. Енді осы жайындағы ойларымызды ортаға салып, пікір алмассак. (Модератор ниет білдірген адамдарға сөз береді). 1. \_\_\_\_\_ 2. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 3. \_\_\_\_\_ 4. \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ 5. \_\_\_\_\_

Қорытынды сөз: Модератор: Сонымен бүгінгі алқалы жиынға қатысқан аталар кештен алған әсерлеріңіз мол болды деп ойлаймын. Немереміздің бойына бағы заманнан жібі үзілмей келе жатқан ұлттың рухани құндылықтарын сіңіретін өзіміз. Соған орай бүгін өтіп жатқан алқалы жиын аталық міндетімізді дұрыс атқарайық деген ниеттен туып жатыр. Осымен іс-шарамыз аяқталды. Мектеп өміріне, соның ішінде «Даналық мектебінің» жұмысына белсене араласқандарыңыз үшін көптен-көп рахмет! Барлықтарыңыздың отбастарыңызға бірлік, береке тату-тәтті өмір тілей отырып, ешқашан шыққан тегімізді ұмытпай есте сақтап жүрейік деп бүгінгі кешімізді аяқтаймыз! Алқалы жиынның (дөңгелек үстелдің) аяқталуы Ата өсиеті (шебер сабақ)



## «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ

### Ақпарат

19.09.2024 күні Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптар аралығында «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.Мақсаты:

- 1.Ата-ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
- 2.Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
- 3.Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі.

Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі.

Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Жиналыста бала тәрбиесі отбасынан басталатындығын ,баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі ,ол мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы екендіктері айтылды.Сондай-ақ жиналыста ата-аналарға әр түрлі қызықты сұрақтар қойылып,жауаптар алынды.



**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ**

**Хаттама**

05.12.2024жыл.

**Қатысқандар саны:65**

**Күн тәртібінде:**

- 1.Қылмыстың алдын алудағы ата-аналар жауапкершілігі.(Баяндама)**
- 2. Оқушылардың тәртібі және мереке қарсаңындағы жүріс-тұрысы.**
- 3.Ауылымыздың дәрігері- Ізтұрғанова Лаура.(Баяндама қызылша)**

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша ДТЖО Аманбаева Әлия қылмыстың алдын алудағы ата-аналар жауапкершілігі туралы баяндама оқыды. Слайд,видео арқылы түсінік жұмыстарын жүргізді.

**Қаулы етті.**

Бірінші мәселе бойынша қылмыстың алдын алудағы жауапкершілігі ата-аналарға және мектеп инспекторына міндеттелді.

**Тыңдалды.**

Екінші мәселе бойынша мектеп директоры Бекова Алтынгүл ата-аналардың бала тәрбиесіндегі рөлі туралы сөз қозғады. Мектептің ішкі ережесімен таныстыра келе ата-аналарға мектептің жарғысында бекітілген мектеп формасын сақтауға міндетті екендігі,білімі туралы айтты.Алдағы мереке қарсаңында бей мезгіл уақытта яғни кешкі мезгілде көшеде жүрмеу керектігін ескертті. Мектептегі өткізілетін шараларға қатысуға,оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға ата-аналар тікелей қолдау көрсетілетіндігі жөнінде айтты.

**Қаулы етті.**

Екінші мәселе бойынша оқушылардың тәртібі жүріс-тұрысы ата-анамен сынып жетекшіге, мектеп инспекторына міндеттелсін.

**Тыңдалды.**

Үшінші мәселе бойынша ауылымыздың дәрігері Ізтұрғанова Лаура баяндама оқыды. Баяндамада қызылша ауруы туралы айтылды.Қызылша ауруы өте жылдам аралатын ауру екендігін айтты.Осы аурудың белгілерін айтты.Ата-аналарға

балаларының бойларынан осы айтылған белгілерді байқаған жағдайда дәрігерге қаралуы керектігі ескертілді.

### Қаулы етті.

Оқушылардың денсаулығы мектеп медбикесі Кдилова Дәмеліге міндеттелсін.

### Шығып сөз сөйлеушілер.


Ата-ана Жаппасова Нағима мектеп оқушылары мектепке ұялы телефон әкелуге болады ма деді. Мектеп директоры оқушылардың мектепке ұялы телефон әкелуіне үзілді-кесілді тыйым салатынын айтты.

Төрайымы:



А.Аманбаева.

Хатшы:



А.Асылбекова

## «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп» КММ

**Хаттама**

18.09.2024 ж.

**Төрайымы:** Аманбаева А.

**Хатшы:** Асылбекова А.

**Қатысқан:** ата-ана саны 30

### Күн тәртібінде:

1. Ата-ана және мектеп (сұрақ-жауап)
2. Құқықбұзушылық, түнгі рейд буллинг әсері.

### Тындалды

Бірінші мәселе бойынша ДТЖО Аманбаева Алия ата-аналарға сұрақ-жауап жүргізді.

- I. Ата-анамен мектеп арасындағы байланыс жүргізіліп отырма?
- II. Оқушының ұялы телефонды пайлану уақытына шектеу қоясызба?
- III. Кешкі уақытта баланызды қадағалай аласызба?

**Қаулы етті:** Ата-аналар өздерінің және балаларының құқықтары мен міндеттеріне көңіл аударсын.

Екінші мәселе бойынша мектеп инспекторы Құлыбеков Мағжан ата-аналарға құқықбұзушылық түнгі рейд, буллинг әсері білімберу ұйымдарындағы құқықбұзушылықтың алдын алуда оқушылардың мектепке смартфондары әкелмеу, қолданбау туралы ішкі тәртіп ережесіне сәйкес әрбір ата-ана осы айтылған ережелерді бұлжытпай орындау керектігі айтылды, және сабақтан кешқалмау мектептен тыс уақытта баланың ұялы телефонды қолданған кезінде интернет желілеріндегі қандай ақпараттармен шұғылданып отырғандығы білу керектігін баса айтылды.

**Қаулы етті:** 1. Оқушылардың мектепте смартфон ұстауға тиым салынсын.

### Шығып сөйлеушілер:

Тұрарова Жанар ата-ана жоғарыда айтылған мектеп ережесімен толық танысқандығын оқушылардың мектепке ұялы телефон әкелуіне үзілді-кесілді тиым салу керектігін осы істе ата-аналардың жауапкершілігі күшейтілуі керектігін айтты.

## «Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ

### Ақпарат

19.09.2024 күні Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптар аралығында «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.Мақсаты:

- 1.Ата-ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
- 2.Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
- 3.Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі.

Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі.

Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Жиналыста бала тәрбиесі отбасынан басталатындығын ,баланың сабаққа саналы қарап озат оқушы болып өсуі ,ол мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы екендіктері айтылды.Сондай-ақ жиналыста ата-аналарға әр түрлі қызықты сұрақтар қойылып,жауаптар алынды.

**«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ**

**Хаттама**

22.04.2025жыл.

**Қатысқандар саны: 165**

**Күн тәртібінде:**

- Тақырыбы: 1.«Ата-аналарға педагогикалық қолдау »
2. «Оқушылардың мектеп формасы мен тәртібі»
  - 3.«Буллингтің алдын алу»
  4. “Құқықбұзушылықтың алдын алу”
  5. “Психологиялық тренинг”

**Тыңдалды:**

Бірінші мәселе бойынша ДТЖО Аманбаева Әлия биылғы оқу жылында құрылған ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмыстарымен таныстырды.Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының міндеттері мен мақсаттары туралы түсінік жұмыстарын жүргізді.

**Қаулы етті.**

Бірінші мәселе бойынша мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығының қызметі ДТЖО мен әлеуметтік педагогке міндеттелді.

**Тыңдалды.**

Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Нұржанова Айшагүл ата-аналардың бала тәрбиесіне рөлі туралы сөз қозғады.Педагогикалық кеңестің шешімімен бекітілген мектептің ішкі ережесімен таныстыра келе ата-аналарға мектептің жарғысында бекітілген мектептің ішкі ережесімен таныстыра келе ата-аналарға мектептің жарғысында бекітілген мектеп формасын сақтауға міндетті екендігі,мектеп аумағында шылым шегуге болмайтындығы,мектеп мүлкіне зақым келтірген оқушы жауапқа тартылып,мектеп мүлкін оқушының ата-анасы қалпына келтіруге міндетті екендігі, сабақ уақытында ата-аналар тарапынан бөгет келтіруге тиым салынатындығы,ата-ана баласының мектепке келуін

бөгет келтіруге тиым салынатындығы, ата-ана баласының мектепке келуін қамтамасыз етуге, оларды оқу құралдарымен қамтамасыз етуге, ата-аналар жиналысына қатысуға, мектепте өткізілетін іс-шараларға қатысуға, оқушының шығармашылық қабілетін дамытуға ата-аналар тікелей қолдау көрсетілетіндігі жөнінде айтты.

#### **Қаулы етті.**

Екінші мәселе бойынша оқушылардың тәртібі жүріс-тұрысы ата-анамен сынып жетекшіге міндеттелсін.

#### **Тыңдалды.**

Үшінші мәселе бойынша ДТЖО Аманбаева Әлия буллинг туралы түсіндіріп, қазіргі уақытта буллинктің жасөспірімдер арасында өршіп тұрғандығын, және буллинктің бала психикасына зардабын, сабақ үлгеріміне кері әсерлерін айта отырып, буллинктің алдын алу жұмыстарын ата-ана, педагог, бала болып ынтымақты үштік одақ арқылы ғана шешуге болатынын баяндап өтті.

#### **Қаулы етті.**

Буллинктің алдын алу жұмыстары ДТЖО, мектеп педагог-психологы және ата-ана жауапкершілігіне міндеттелсін.

#### **Тыңдалды.**

Төртінші мәселе бойынша, ДТЖО Аманбаева Әлия құқықбұзушылық туралы түсіндіре отырып, мектеп оқушыларының беймезгіл уақытта көшеге шықпауын, мектеп мүлкіне зиян тигізбеуін және рұқсатсыз көлік айдаған жағдайда, кәмелетке толмаған баланың көлік айдауы бойынша заңға тартылатынын, сондай-ақ, ата-анасына келетін айыппұл көлемін алдын-ала ескерте кетті. Баланың бас ұстазы-ата-ана екендігін тілге тиек ете отырып, өсіп келе жатырған әрбір баланың-болашақ тұлға екендігін ескеріп, баламен саналы түрде жұмыстану қажет екендігін еске сала кетті.

#### **Қаулы етті:**

Оқушылардың арасында құқықбұзушылықтың алдын алу жұмыстары ДТЖО, мектеп инспекторына және ата-ананың жауапкершілігіне міндеттелсін.

### Шығып сөз сөйлеушілер:

Ауылымызға сыйлы ардагер ұстаз, ардақты ата Тілекбаев Еркүлік ағай өз сөзінде “Бала тәрбиесі қашаннан өз маңызын жоймаған күрделі де жауапты жұмыс екенін айта отырып, ұлы Абайдың “баланың өмірді танып-білуіне, оның бойында калыптасар балалық қасиетіне жауапты адам-ата-ана. Балаға, көбінесе, үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі-ата-анадан, екіншісі-ұстаздан, үшіншісі-кұрбысынан” деген ақыл сөзін тілге тиек етті. Ата-ана мен мұғалімнің басы бірігіп, жүйелі жұмыс жасағанда, нәтижесі де қуантатынын айтты.

Төрайымы:

А.Аманбаева

Хатшы:

А.Асылбекова

## Хаттама №1

**Күнтәртібінде қаралатын мәселе:** «Бала қауіпсіздігі – қоғам келешегі» балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шараларын өзектендіру

**Өткізу мерзімі:** 18 қыркүйек 2024 жыл уақыты: 13:30

**Қатысқандар:** 8-11 сынып оқушылары, ата-аналар, мектеп инспекторы

1. Қаралатын мәселе бойынша ДТІЖО Аманбаева Әлия қазіргі қоғамды алаңдататын өзекті мәселелердің бірі-балаларымыздың әлеуметтік желілердегі қауіпсіздігін талқылау деп кіріспе сөзін бастап, әлеуметтік желідегі әр түрлі бала өміріне қауіп төндіретін ойындардың алдын алу үшін жасалатын әрекеттерді атап өтті.

2. Инспектор Құлыбеков Мағжан өз сөзінде: Жасөспірімдерді басқара алатын және олардың психикалық және физиологиялық қауіп – қатерге душар ететін қауіпті онлайн ойындар мен топтардың саны артты. Әр ата-ана интернеттің зиянды әсерінен қорғауы тиіс. Бірінші қадамдарымыз баланың мінез-құлқын бақылау, яғни көңіл-күйдің өзгеруі, шаршауы, агрессия немесе керісінше тұйықтық, ұйқысыздық, жасырын жаңа таныстарының пайда болуы, баланың сөйлеуі мәнері әрекеттерінің өзгеруінен байқаймыз. Қауіптердің алдын алу үшін не істеу керек екендіктерін айтып өтті.

3. Ата-ана Тұрарова Жанар өз сөзінде, баланың телефонындағы қосымшалар мен ойындарды тексеріп отыру, баламен үнемі байланыста болу, баланың ойын пікірін тыңдау «Күнін қалай өтті?», «Мектепте қандай қызықтар болды» сол сияқты сұрақтар қойып, әр бала қателік жібереді, ол үшін жазғырмай, болашақта ондай жағдайлардан қалай аулақ болуға болатынын талқылау өте маңызды деп есептеймін, - деп айтты.

4. Ата-ана Талапбаева Жансая ұлының сабақтан келгеннен кейін қал-жағдайын сұрап, көңіл күйіне қарап, бақылап отыратыны туралы айтып кетті.

**Қабылданған шешімдер:** 1. Интернетті пайдалану уақытын шектеу.

2. Хабарламалар орнату

3. Баламен ашық диалогта болу

Төраға: ДТІЖО:  Аманбаева Әлия

Хатшы: Асылбекова Алмаш

## **2-ЖЕҢГЕЛЕР МЕКТЕБІ Сабақтың тақырыбы: Мұны қыздар білуге тиіс...**

(интерактивті сабақ) Қыз аттаған келін боп, ақ босаға, Ақ босаға, мерейлі бас босаға. Қасиетті халқымның дәстүріне, Куә болып ғасырлар жатты осы ара. (С. Желдербаева)

Сабақтың мақсаты: қазақтың дәстүрлі отбасындағы тәрбиеге ықпалды жеңгелер мектебінің жұмысын келіндердің педагогикалық мәдениетін көтеру арқылы қыз баланың тәрбиелеудің этнопедагогикалық мүмкіндіктерін пайдалану. Міндеттері: - жеңгенің отбасында қыз баланың қамқоры екендігін түсіндіру; - жеңгенің отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтаушы ретінде рөлін ашу; - қазақтың салт-дәстүрін сақтаудағы келіннің рөлін ашу арқылы қыз балаларды болашақ өмірге даярлауда тәрбие берудегі үлгісін нақты мысалдармен ашу. Көрнекілігі: залда казак тіліндегі әндер беріліп, қыз бала тәрбиесіне қатысты, келін-жеңге рөлін ашуға қатысты мақал-мәтелдер экраннан ретімен шығып тұрады. Жазира Байырбекованың орындауындағы «Ақ босаға» (сөзі: Сәнімкүл. Желдербаева, әні: Мұхамеджан Рүстемов) әні тыңдауға ұсынылады. <https://matinder.kz/song/zhazira-bayurbekova/kazaktyn-kelinderi-ay> «Ұлттыңды сақтаймыз десен, қызыңды тәрбиеле» «Есті қыз екі елдің туын ұстайды» «Қыз баланың тілегі – тәңірден, қызыл дәннің барар жері – диірмен» «Ақылды туған қыз бала, батыр туған ұлмен тен» «Жақсы келін құрдасыңдай болар, жақсы ұлың сырласыңдай болар» т.б. Сұрақтар: 1. Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма? 2. Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауда жеңгенің не келіннің рөлі қаншалықты? 3. Ұлттық, отбасылық құндылықтарды сақтап, отбасындағы салт-дәстүрді сақтаудағы ісімен үлгі бола ма? 4. Қыз баланы болашақ өмірге даярлау мәселесі маңызды ма?


Сабақтың әдісі: (мәселелік оқыту) жағдаятты шешу әдісі Сабақтың барысы:


Модератор: Қайырлы күн, қазақтың аймаңдай арулары – отбасының берекесін келтіріп отырған келіндер, жарқын жүзді жеңгелер! Танысу минуты: сабаққа қатысушы өзінің аты-жөнін, мамандығын, т.б. айтып өтеді. Модератор: Әр халықтың ғасырлар бойы қалыптасқан өз мәдениеті бар. Ол ұлттық құндылықтарынан, отбасындағы қарым-қатынасынан, ұрпақ тәрбиесінен көрініс табады. Дүниеге бала келгеннен бастап, оны өсіру-тәрбиелеуде ертең осы ұрпағым басқа елмен туыс етеді, үйдегі берген тәрбиемізді, осы үйде көрген өнегесін басқа үйде көрсетеді деп, отбасында жақсы тағылым беруді білген. Мысалы, жаңадан келіп түскен келіннің жүріс-тұрысы арқылы шыққан жеріне баға беріледі. «Әдепті келін – ауылдың көркі», «Келінді келін демесен, жақсы болса өз қызыңдай», «Балаң жаман болса да келінің жақсы болсын» деп жататыны сондықтан. Сабағымыздың мазмұнын ашатын алғашқы сұрақ: Жеңгелер деген кім және оның қыз бала тәрбиесінде орны бар ма? Сабаққа қатысушы мектебіміздің мықты педагогі, қазақтың аяулы келіні..... деген

әріптесімізді ортаға шақырып, отбасындағы келіннің, жеңгенің рөлі туралы бірінші сұрағымызға жауап беріп етеді. Жеңгенің алғашқы рөлі келін болудан басталады. Отбасындағы келіннің рөлі өзінің келген ортасын сыйлау, құрметтеу арқылы үйішінің тірліктерін атқаруды меңгерумен басталып, отбасылық қарым-қатынастың реттелуі келіннің ісәрекетінен көрініс табады. Қайын-жұрттың атын атамау – ат тергеу, үлкенге құрмет көрсетіп, бата алу, сәлем жасап – алғыс алу сияқты сыйластық кілті келінде болуға тиісті. Басты мақсат: келген жерінде орнын табу, сыйлай білу, сыйымды болу арқылы өз тамырын жайып, өсіп-өну. Жеңгелік рөл келіннің келген жеріндегі өзінен кішілерге қамқорлығын көрсетуі арқылы іске асады. Өзінен үлкен болғанымен, күйеуінен кішінің бәрін «қайнықайынсіңлілер» қатарында қарап, оларға жарасымды да ұтымды және өздеріне ұнамды ат қоюы – жеңгенің келген ортасына сіңісуінің басты шарты. Қайныларына қыз таңдауға бағыт-бағдар, кеңес береді. Өйткені, бір шаңырақ астында өзімен абысынды-келінді жақын жүретін, қызметті бөліп атқаратын әйелдің дұрыс адам болып келуіне немқұрайлылық танытпайды. Ақылдасып, қыз көңілін табуға психологиялық нұсқаулар, ұсыныстар жасайды. «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген мәтел қайныны шын қолдаушылардың бірі екендігі. Қыз бала үшін жеңге – таптырмайтын жанашыр. Өз тәжірибесінен көргені мен түйгенін айта отырып, сыр бөлісетін жеңгелер институтының әлеуметтік мәні биік болуы тиіс. Этноәлеуметтік рөлдің ішінде жауаптылығы жағынан да, жақындығы жағынан да жеңгенің рөлі жоғары. Модератор: Рақмет! Енді менің қолымда 4 түрлі қағаз бар, ретімен атасам: сары, қызыл, жасыл, көк. Сіздерде ретімен осы төрт түсті қайталап айтыңыз. Мысалы, Сіз – сары, келесі – қызыл, солай ретімен айтамыз. Енді бөлінейік: сары – 1-топ, қызыл – 2-топ, жасыл – 3-топ, көк – 4-топ. Осылайша төрт топқа бөліндік және екі сарапшымыз бар. Сарапшылар топ жұмысын бақылап, соңынан қорытындылайды. Біз бүгінгі сабақтағы «Отбасындағы қарым-қатынас мәдениетін сақтауда жеңгенің не келіннің рөлі қаншалықты?» деген сұрақ төңірегінде жұмыс жасаймыз. Қазір топтық жұмыс: әр топқа тапсырма беріледі. 10 минут – ақылдасу, 5 минут тапсырманы ашып беру. Барлық топқа 30 минут уақыт кетеді. Отбасында әже-анасынан тәрбие алған, жеңгелерінен өнеге көрген қыздарымыз өмірдің қиындықтарына жауап таба алады, яғни, түрлі мәселелердің шешілу жолын ақылмен байыптай алады. Өмірде кемшіліксіз жандар сирек. Келін болу да, ене болу да оңай емес. Бұл этноәлеуметтік рөлдердің өз қиыншылығы бар. Бұл жерде мінезінде кемшіліктері бар ежелдерді мысалға алдық, оған үлкендер ренжімес. Мінездің кемшілігі әркімдерде де болады. Мұндай ежелдер өмірде болуы да, болмауы да мүмкін, біз тек мысал үшін алдық. Енеге жақсы келін болып тіл табысу, ұрыс-керіссіз бір шаңырақтың астында тұру сіздердің қолдарыңыздан келеді. Топ болып оң шешімін табатындай жұмыс істейік. 1-тапсырма Өмірде адуын, ашуы келсе өзін ұстай алмайтын, аузына келгенді бетің бар, жүзің бар демей, ақтара салатын ұрысқақ әйелдер болады. Егер, осындай әйел Сіздің енеңіз

болса, дәл осы жағдайға түскенде не істеген болар едіңіз? - Сіз ақылы мен әдебі бар келін ретінде қандай әрекетке барасыз? - Бір жағдаяттан шығудың жолы ғана емес, ұрыспай керіспей, осындай ененің тілін тауып қалай тұруға болады? - Мұндай мінезінен арылуға ықпал етуге не істер едіңіз? 2-тапсырма Өз үйін жуып-тазалап, қағып-сілкіп, тазалыққа ерекше қараймын деп, мазасыздыққа тап болған жандар бар. Оған өзінен басқа адамның істегені ұнамайды. Келін істеп кеткен жерді қайталап өзі істеп әрі өкпелеп, келіндерді ыңғайсыз жағдайға түсіреді. - Мұндай енелерге қалай жағуға болады? - Ененің көңілін табуды неден бастаған дұрыс? - Қолынан жұмысты алуға қалай кіріскен дұрыс? 3-тапсырма Қызғаншақтықтың емін табуға тырысып көріңізші... Әйел алған баласын қызғанып, келінімен алакөз болып жүретін жағдайлар келін мен ене арасында жиі кездеседі. Келінінен баласын қызғанатын, келінінің киген киімін, жастығын қызғанатын енелерге не дауа бар? - Бұл жағдайды білгеннен соң, отбасылық ахуалды қалай реттеуге болады? - Қызғанышты туғызбауға келін қандай әрекет жасау керек? - Ене мінезінің реттелуі үшін тағы не істеуге болады? 4-тапсырма Келіннің төркінін менсінбей, өзін, өзінің шыққан тегін мақтап, мақтанып отыратын енелер бар. Жетістіктері бар бауырларын, іс бітірер туысқандарын айтып мақтанады. Өзінің осы әулетті өсіріп-өндіргені, тегінің мықтылығы арқасы екендігін айтып отырудан жалықтайды. Сөз арасында келін жақтың осалдығын да түйреп өтеді. - Осындай енемен ұрыспай-керіспей өмір сүруге бола ма? - Олқылықтың орнын қалай толықтырасыз? - Ене мінезін жақсартуға қандай үлес қоса аласыз? Сарапшылардың топтағы пікірлерді бағалауы: - Пікірдің топқа немесе жеке тұлғаға қатыстылығы; - Айқын ұстаным (тақырыпты ашуға); - Нақты мысалдар келтіруі; - Шынайылығы; - Нақты ұсыныстары. Қорытынды тұжырым: - Кемшіліксіз адам болмайды. Өмірдің қиын сәттері – әрі сынақ, әрі сабақ. - Ұрыса кету, жылай салу – әлсіздің ісі. Ақылын болса, ақылға жүгінген дұрыс. - Өмірдің қиындығынан қашсаң, азабы дайын тұрады. - Отбасындағы ұрыс абыройдан айырады. - Отбасындағы ене есті болса, келіні кемеңгер болады. - Отбасындағы ене мен келіннің әрбір сөзі мен ісі – берекенің кілті, ұл мен қызға өнеге. Модератор: «Ұлттық, отбасылық құндылықтарды сақтап, отбасындағы салтдәстүрді сақтаудағы ісімен үлгі бола ма?» деген сұрақ төңірегінде ойлансақ... Қазір экранға назар салайық. Мәтінді оқиды, сұрақ қояды. 1-слайд: **КЕЛІННІҢ СӘЛЕМ САЛУЫ** Диллема немесе өмірде болған жағдай Оңтүстіктің бір қызы Жетісу жеріне келін болып түсті. Беташар өтіп, жас келін үйде жалғыз қалған алғашқы күндердің бірі еді. Келін танымайтын, бұрын мүлде көрмеген бір жігіт үйге келіп кірді. Өз күйеуінен үлкендеу болып көрінген соң, қайынағаларының бірі болар деп жас келін дереу иіліп сәлем берді. Жігіт сәлем алмастан сәл тұрып қалды да тез кері бұрылып, үйден шығып кетті. Жас келін болған жағдайға ыңғайсызданып, не істерін білмеді. Сәлем бермеуі керек пе еді? Енді келсе кешірім сұрай ма әлде мүлде келмесе ше? 2-слайд: Қалай ойлайсыз, келіндікі бұрыс па, жігіттікі бұрыс па? 3-слайд: Осылай әрі-сәрі күйде жүргенде, 20 минуттай өткен соң, әлгі жігіт қолында гүлі мен

торты бар үйге қайта кірді. Күліп тұрып: «Өмірімде маған бірінші рет ерекше сәлем бергені үшін қатты толқып кеттім. Мынау Сізге деген сыйым!» - деп, гүлі мен тортын келінге ұсынды. 4-слайд: Демек, сәлем салу: - келіннің сәлем салуы бәріне ұнайды; - келіннің сәлем салуы – қазақтың дәстүрі; - келіннің сәлем салуы – кішілік ізет; - келіннің сәлем салуы – ұлт мәдениеті; - ұлттың мәдениеті сақталуы тиіс. Модератор: 4-сұрақ бойынша: Қыз баланы болашақ өмірге даярлау мәселесі маңызды ма? Бүгінгі сабақтың қыз тәрбиесіне берері бар ма? Ортадағы отырған қатысушыларға сұрақ қою арқылы қорытындылайды. Сабаққа қатысушылардың ойын төмендегіше қорытындылауға болады: - халқымыз алдыңғы буын арқылы кейінгі ұрпақты тәрбиелеген; - қыз бала тәрбиесі – баршаның ісі, себебі: ұлттың, мемлекеттің көп көрсеткіші осы тәрбиеге тікелей қатысты; - қазақ аналары, қазақ келіндері – отбасылық қана емес, қоғамдық тәрбиенің де белсенді тәрбиешілері; - бүгінгі сабаққа қатысқан әрбір жеңге өзінің қойын дәптеріне кейінгілерге сабақ болатын өнегелерін жазып жүрсе деген өтінішіміз бар. Құрметті сабаққа қатысушы аяулы қазақ қыздары – қаракөз айымдар! Сіздерменен өмір нұрлы, отбасы жылылыққа толы. Кез келген қыз бала – болашақ отбасының ұйытқысы, тәрбиеге жетекші екенін ұмытпаса деген тілегіміз





## Ақпарлама

«Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп»КММ-де ата-ана педагогикалық қолдау орталығының аясында 12 қыркүйек отбасы күніне орай «Отбасы-тәрбиенің алтын бесігі» атты тақырыпта 12 баладан 39 немере сүйіп отырған Мыңкісі ата ұрпағы Қошановтар отбасына қонаққа бардық.

Максаты: Жанұядағы сыйластыққа, адамгершілікке, инабаттылыққа, ынтымақ пен бірлікке, татулық пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.



## Ақпарат

Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектеп "КММ-нің педагог-психолгы И.Сайынова 8-сынып ата-аналарына "Бала тәрбиесіндегі ата-ана" тақырыбында тренинг-сабақ өткізді. Тренинг мақсаты: қазіргі кездегі баланың дамуына, жеке тұлға болып қалыптасуына ата - ана тәрбиесінің әдіс-

тәсілдерін жетілдіре отырып, қарым-қатынас орнату. Тренинг барысында ата-аналар дәстүрден тыс бір-бірімен амандасып, сұрақтарға жауап берді. Ата-ананың бала үшін рөлі қаншалықты маңызды екені жайында толық айтылып, ерекше көңіл-күйде өтті.



## Ақпарат

19.09.2024 күні Тобанияз атындағы жалпы білім беретін мектебінде 1-11 сыныптар аралығында «Баланың бас ұстазы ата-ана» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Мақсаты:

1. Ата-ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту.
2. Ата-аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру.
3. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасына үлкен әсер ететінін атап өту.

Міндеті: Балаларды адамгершілікке тәрбиелеудегі ата-ананың жауапкершілігі.

Мектепте ата-ананың оқу-тәрбие саласындағы рөлі.

Алдағы уақытта оқушыларды тәрбиелеуде мұғалім мен ата-ананың бірігіп жұмыс жасауы.

Жиналыста бала тәрбиесі отбасынан басталатындығын, баланың сабаққа саналы қарап оқушы болып өсуі, ол мұғалім мен ата-ананың бірігіп өсірген жеміс ағашы екендіктері айтылды. Сондай-ақ жиналыста ата-аналарға әр түрлі қызықты сұрақтар қойылып, жауаптар алынды.



Тақырыбы:

# Сырлы жеңге, сұлу қыз!



## **Тақырыбы: Сырлы жеңге, сұлу қыз**

**Мақсаты:** Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, шыншылдыққа баулып, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу және жеңге мен қайынсіңлі арасындағы қарым - қатынасты нығайту.

**Жүргізуші:** Армысыздар құрметті ұстаздар, оқушылар және қадірлі қонақтар! Шұғылалы көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз – Халықаралық әйелдер мерекесіне орай ұйымдастырылып отырған «Сырлы жеңге, сұлу қыз» атты қыз бен жеңге арасындағы сайысымызға қош келдіңіздер!

### **Жүргізуші:**

Қазіргі заман қыз тәрбиесіне ерекше мән беруді қажет етеді. Әрбір қыз бала бойжетіп, ата – анасының жанында бұлғақтаған дәуренін қалдырып, басқа үйге келін болып түсуі – өмір заңдылығы. Әсіресе қызға анасы немесе жеңгелері үй шаруасына икемділік, ісмерлік, жүріс – тұрыс сыпайлығы, әсемдік, жинақтылық пен тазалық, өз бойын күту мен ашық-қабактылық туралы үйретуге күш салады. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» демекші шаңырақта дұрыс тәрбие көрмеген сәби ертеңгі күні сол тамырсыз тәрбиені өз отбасында қайталайды. Бүгінгі қыз – ертеңгі ана, ақылшы әже, әулеттің ұйытқысы.

Көрініс.

**Жүргізуші:**

Ал, ендеше шалқытып ән салайық,  
Өнерпаз аруларға тамсанайық.  
Дәстүрін халқымыздың қастерлеген,  
Аруларды жеңгесімен құрметтеп қарсы алайық,

Қыз сыны, қыз өнері, қыз әдебі,  
Тал бойына жарасқан күлкі әдемі.  
Бір көргенде болмай-ақ сахнада,  
Өмірде сақталсыншы ұлт әдебі – дей келе  
алдымен біздің ару қыздарымыз бен жеңгелеріне  
қоятын талабымызды таныстыра кетейік .

-Сахна мәдениеті, өзін-өзі ұстау;

-Сөйлеу мәдениеті , ой ұшқырлығы;

-Киім киісі, жүріс-тұрысы;

-Берілген тапсырма мен сұрақтарға дұрыс жауап беруі;

Мінеки осының барлығы сынға алынып, әділ-қазылар алқасымен бағаланады.

Ендеше, өнері-білімін әділ бағалап, төрелігін айтатын қазылар алқасымен таныс болыңыздар.

1

2

3

Кімдер жүйрік, өнерпаз білейікші.

Аруы деп мектептің жүрейікші

Әділқазы алқасына әділдікті,

Ал аруларға сәттілік тілейікші деп бүгінгі аруларға сәттілік тілей отырып, сайысымызды

бастамас бұрын аналар мерекесіне арнап  
Мектебіміздің көркемдік жетекшісі Мырзабай  
Дарынның орындауында «            » әнін қабыл  
алыңыздар!

Жүргізуші:

1-жүргізуші:

Көп сөйлеп, жөн жобадан біз аспайық  
Қандай сайыс болса да біз қашпайық  
Ал, ендеше рұқсат болса.

«Сырлы жеңге, сұлу қыз!» сайысын біз бастайық!  
жүргізуші:

Олай болса сайыстың шарттарымен таныс  
болыңыздар.

1

«Сәлемменен басталар сөз атасы...» (тегін  
таныстыру)

2

«Зерделінің ойы озық...» (сұрақтарға жауап  
беру.)

3

Өнерлінің өрісі кең (өз өнерлерін көрсету)

4

Бармағынан бал тамған..(мерекелік ерекше  
тағам дайындау)

5

»Әзілің жарасса... (пародия)

6.Жеңгесі бар қандай-ды. Көрініс қою

Сайыскерлерімізді әділ қазылардың алдындағы  
кезекті номерлеріңізді алуға  
шақырамыз.

Жүргізуші:

Жеңгем менің, асылым, лағыл әнім,  
Кең кеудеме гүл болып тағыламын,  
Жұлдызыңдай көгінде жағыламын.  
Алыс кетсем аңсаймын, сағынамын-деп жеңгелер,  
қыздары мен өздерін таныстырады.

**Жүргізуші:**

Сайысымыздың 1-ші кезеңі «Мен қазақтың  
қызымын...» тегін таныстыру бойынша әділ-қазы  
бағаларын көрсетсеңіздер.

**Жүргізуші:**

Сайысымыздың 2-ші кезеңі бойынша  
қатысушыларымыз әр түрлі сұрақтарға жауап  
береді. Жеңгесіне бір сұрақ, қайынсіңлісіне бір  
сұрақ қойылады. Олай болса, әділ қазылар  
алқасы алдынан өздеріңізге қалаған билет  
сұрақтарыңызды таңдап алсаңыздар болады.  
Барлық сұрақтарға жауап толығымен жауап  
берген жағдайда, алатын ұпайларыңыз да  
жоғары болмақ.

Олай болса, екінші кезең бойынша  
қатысушыларымыз жинақтаған ұпайлар санын  
біліп өтсек.

Ендеше, осы

күйбең тіршіліктен арылып, аруларымызбен  
бірлесе дайындаған жеңгелеріміздің өнерін  
тамашалаймыз

Олай болса, қатысушыларымыз дайындаламыз  
дегенше, кезекті сұлу әнге береміз.

**Хасенқызы Жанар. Қыздар-қыздар сұлу  
қыздар әнімен.**

**жүргізуші:**

Жүргізуші:

Халқымыздың ежелгі үрдісі бар  
Адастырмас оң жолдан үлгісі бар  
Аңыз болған жоғалмай бұл ғасырға  
Салт - дәстүрі халқымның жалғасуда

Жүргізуші:

Сайысымыздың 4-ші бөлімі қатысшыларымыз  
өздері дайындап келген ас мәзірімен  
таныстырады. Тағамның ерекшелігі, дайындалу  
әдісіне ерекше мән беріледі.

Ендеше, сайысымыздың 5-кезеңі де келіп жетті.

Бұл кезең Әзілің жарасса... деп аталады.

Қатысушылар өздерінің дайындап келген  
пародия өнерлерін көрсетеді. Қошеметтеп, қарсы  
алыңыздар.

Сайыскерлеріміз дайындық үстінде, мектебіміздің  
оқушысы Ғұбайдолла Нұржан орындауында  
----- әнін қабыл алыңыздар.

Сайысымыздың соңғы кезеңі: Жеңгесі бар  
қандай-ды кезеңіне келіп жеттік.

Бұл кезеңде қатысушыларымыз, көрініс қояды.

Олай болса сайыскерлеріміздің өнерін  
тамашалайық.

Жүргізуші: Әділ қазы мүшелері сайыс бағасын  
шығаратын уақытқа да келіп жеттік.

Қорытынды дайын болам дегенше мектебіміздің  
домбырашыларының өнерін тамашалаймыз.

Ерке күйі.

Жүргізуші :

Қыз бала – бойжеткен, келін, ана,  
Бәрі де дер кезінде дара тұлға.

Ұрпағыңның ойласаң болашағын,  
Қызды сыйла, жамағат, қызды сыйла!  
Осымен бүгінгі «Сырлы жеңге, сұлу қыз!!»  
сайысы өз мәресіне жетті. Сайысқа  
қатысушы сұлуда сымбатты  
жеңгемен, қайынсіңілдерді сахна төріне  
шақырамыз.

Қорытынды сөз мектебіміздің директоры  
А.Бековаға беріледі.

Марапаттау үшін сөз кезегін әділ қазылар  
мүшелеріне береміз.

Жүргізуші:

Жеңістер мен жеңілістен тұратын,

Өмір – күрес, жеткізе ме мұратың.

Жеңбедім, жеңілдім деп ренжіме,

Қатысу да бір жеңіс, жан болсаң егер ұғатын- деп  
сайысымызды аяқтаймыз.

№1

1) Қымыз - мұрындық қандай мереке?

(Қымыз - мұрындық мамырдың онынан бастап, ай соңына дейін созылады. Бие байлап, қымыз жинап той өткізеді. Жаз тойы тірілердің аман - саулығын тілеп, әруақтарға құран бағыштайды.

2) Қандай жілік қыз балаға берілмейді?

№2

1) Бәсіре дегеніміз не?

(Бала есі кіріп, сүндетке

отырғызылғанда, мектепке барғанда атасы

немесе өз әке-шешесі оған тай атайды. Ол бәсіре тай деп аталады.

2. Үш арсызды ата?

(Ұйқы арсыз, тамақ арсыз, күлкі арсыз)

№3

1) 12 жілікті табаққа тарту

2) Шаңырақты тіреп тұратын таяқтар қалай аталады?

№4

1) Талмоншақ дегеніміз не?

(Тақияға, сырт киімге бірнеше рет орап тағылатын моншақ)

2) Бес асыл- істі ата?

Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым



